

Сайдуллаева Н. С.*

физ-мат.к, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

**АРМАНЫ АСҚАҚ КӨШТІҢ КЕРУЕНБАСЫ.
ҚҰДАЙҚҰЛОВ АНАРБАЙ ҚҰДАЙҚҰЛҰЛЫНЫҢ –
ҒАЛЫМ, АКАДЕМИК 70 - ЖАСТА**

Автор корреспондент: nuri.saidullayeva@mail.ru

Түйін: Мақала ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы, академик Құдайқұлов Анарбай Құдайқұлұлының 70 жылдығына арналған! Тек барлар әр түрлі өмірлік соқпақтар, кім қабілетті ауыстыру ауыртпалығы мен қиындықтарын, тура алдарынан өмір, мүмкін өкілі өз қабілеттері мен мүмкіндіктері. Айтқым келеді, өз мұғалім, ол өмір сүру мақсаты емес, жинау әлемі, ал қол жеткізуге шыңдары ғылым және білім беру, рухани ата-аналар, атақты еңбегі өз елінің атақты көптеген жетістіктер қалдыру неизгладимый след в памяти өз шәкірттерінің. Мүмкін, бұл жас ұрпаққа ғылым мен білім жолында тек тынымсыз ізденіс пен жанқиярлық еңбекпен қол жеткізуге болатындығын түсінуге көмектеседі, және әрбір жетістік сіздің өмір жолыңыздағы бақыттың бір бөлігі. Мүмкін, өскелең ұрпаққа ғылым мен білім жолында тек тынбай ізденіс пен ерінбей еңбекпен қол жеткізуге болатынын және әрбір жетістіктің- өмір жолындағы бақыттың бір бөлшегі екенін түсінуге септігін тигізер.

Кілт сөздер: ғылым, білім, өмір, тәжірибе, шығармашылық, мұғалім, ұрпақ, жетістік, ұрпақ, оқушылар.

Текіден текті туады
Тектілік ұрпақ куады
Тегі мықты болғандар
Өмірдің өзегін ұғады.
Мұнарасында өмірдің
Қасқайып биік тұрады

Кіріспе. Өмірдің қиралаң соқпақтары әрқилы, өмірде кездесетін ауыртпалықтары мен қиындықтарын көтере алатын жандар ғана қабілеті мен мүмкіндігін шыңдай алады. Өмірде алдына қойған мақсаты дүние жинау емес, ғылым мен білім шыңына жетуді мақсат етіп, ата-анасының арманын орындаған, еліне еңбегін сіңірген, көптеген жетістіктерге ие болып, ұрпақтары мен шәкірттері есінде өшпес із қалдыруға ат салысып жүрген, құрметке әбден лайық ұстазым жайлы айтқым келіп отыр. Мүмкін, өскелең ұрпаққа ғылым мен білім жолында тек тынбай ізденіс пен ерінбей еңбекпен қол жеткізуге болатынын және әрбір жетістіктің- өмір жолындағы бақыттың бір бөлшегі екенін түсінуге септігін тигізер.

Адамның өзі алдына осындай мақсат қойып, ұмтылатын болса, өмір соған қалыптастырып жағдай жасайды екен. Университет қабырғасында оқып жүрген сәтте-ақ бізге дәріс беріп жүрген ұстаздарға қызыға қарайтынмын, маған ол кезде олар мен қол жеткізе алмайтын тылсым ғылымның шеберлері сияқты көрінетін. Ғалым болу үшін неден бастап, не істеу керек екенін ол кезде түсіне бермейсің, ең негізі мамандығың бойынша игеруің қажет пәндердің барлығын жақсы оқуың қажет. Ол ретте, қазір жағдай мүлдем басқаша, студенттер университет аудиториясына кіргеннен бастап, ғылыми жұмыстарға араласып кетеді.

Теориялық бөлім. Бұл мақалада, менің өмірімде ғылым жолында ұстаздық еткен, ғылыми ізденістің жолын, еңбекқорлық пен шыдамдылық, табандылық жағынан үлгі болған жан тұралы жазылған.

Ғылым мен білім соқпақтарында рухани із қалдыру үшін, осы салада қызмет етіп, өмірін ғылым мен оның жолында шәкірттеріне бар тәжірибесі мен білімін өткізуде, білікті

ғалымдар өз мектебін қалыптастырады.

Ғалым-ізденуші, физика-математика ғылымдарының докторы, академик Құдайқұлов Анарбай Құдайқұлұлы, 1951 жылдың мамырдың 15-інші жұлдызында, Ташкент қаласы маңындағы Пискент ауданының Ақтөбе ауылында ата-анасының тұңғышы болып дүниеге келеді. Әкесі Құдайқұл – оқыған, білімді азамат, мақта өсіру саласында қызмет атқарып, біраз уақыт тәжірибелер жүргізген, өз ауданында сыйлы азамат және көп балалы отбасының отағасы болып жүргенде, 8-ұлды дүниеге әкеліп, отбасына қарап, балаларының тәрбиесімен айналысып жүрген жұбайы 46-жасында кенеттен келген аурудан қайтыс болады. Ол кезде, балалардың үлкені Анарбай аға, ТашГУдің- «Механика және қолданбалы математика» мамандығы бойынша бітіріп, Мәскеу қаласында аспирантурада оқып жүреді. Аспирантураны 1- жылға шегере тұрып, біраз әкесі мен інілерінің қасында болып, анасының жылын өткізіп, оқуын жалғастырып, кандидаттық диссертациясын жоғары дәрежеде қорғап шығады. Тағдырдың бірінші соққысынан шетке шығып қалмай, әкесі мен үйде қалған шиттей інілерінің болашағы үшін өзіне жүктелген аманат екенін, осы білімнің арқасында ғана оларды аяққа тұрғызатындығына кәміл сенген болатын.

Мәскеуде оқыған жылдары ол көптеген аты аңызға айналған ғылымның саңлақтарын өз көзімен көрмек түгілі олармен сұхбаттасып, дәрістерін тыңдап , ғылыми және рухани азық алады. Кандидаттық диссертациясын Ломоносов атындағы МГУ-нің «Газ жәнәтолқындық динамика» кафедрасында, Ғылым Академиясының академигі Х. А. Рахматулиннен- ғылыми жетекшісі, профессор В. Ф. Демьяновтан, докторлық диссертациясын Новосибирскідегі Ғылым академиясының құрамындағы, Гидродинамика институтының «Деформацияланушы қатты денелер механикасы» бөлімінде, профессоры, академик Б.Д. Анниндерден ғылыми тәжірибелер жинақтай жүріп қорғайды.

Ғылым докторы атағын алып, ауылға қайтқан ол Ташкент қаласында орналасқан сол кездегі «Институт кибернетики, алгоритмизации, сейсмологии АН. УзССР» ғылыми ізденістермен айналысатын институтта ғылыми қызметкер болып қызмет жасайды. Ғылыми жұмыстары мен мақалаларымен көзге ілінген жас ғалым 1992 жылы Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының Батыс бөлімі бойынша вице-президент лауазымына тағайындалып, жаңадан құрылған ҚР Ұлттық Академиясының құрамындағы академик Ө.М. Жолдасбеков атындағы «Механика және машинажасау институты»-да «Деформацияланушы қатты денелер механикасы» бағыты бойынша зерттеу және жас ғалымдарды дайындауда СССР ҒА академиктері Ержанов Ж.С, Айталиев Ш.М, Дайратов Т.Р, Масанов Ж.К, Алексеева Л.А, Алимжанов М.Т, Тюреходжаев А.М, Егоров А. К, Божанов Е. Т т.б., бірге ғылыми жұмыстарын жүргізеді.

1998-2004жж. аралығында М. Тынышпаев атындағы Транспорт және коммуникация академиясында «Сыртқы бөлім мен ЖОО-нан тыс білім беру» институтының директоры, 2004-2010жж. Халықаралық Қазақ-Түрік университетінде кафедра меңгерушісі, 2011-2015жж., арнайы шақырумен профессор лауазымында Гумилев атындағы Евразия мемлекеттік университетінде қызмет жасап, 2016 дан бастап қазіргі кезеңде ҚҰ ҚР Білім және ғылым министрлігі жанындағы «Ақпараттық және есептеу технологиясы» институтында дәріс оқып, жас ғалымдардың зерттеу жұмыстарына жетекшілік жұмыстарын жалғастыруда.

Құдайқұлов Анарбай Құдайқұлұлының 70-жас торқалы тойы қарсаңында, шәкірттерінің бірі ретінде өз алғысымды айтып өтуді жөн көрдім. Білімін ұштап жалғастырып, ғылым жолына түсуде – керуен басшысының, ғылымның жолын , анық бағытын тура таңдап, ғылыми тақырыбын болашақта өзекті болатындай етіп жалғауды болжайтын - көреген ғалым болуы өте маңызды, өйткені бұл бағыттар ғылым мен білім беру саласындағы өмір бойы өзекті және перспективалы болуы керек.

Осы ретте, менің өмірімнің ғылыми парақшасы осы мәселерді шешуден басталды. Маған ғылыми жетекші өзім оқып, түлегі болған Қазақ Ұлттық университетінен профессор А.К. Егоров тағайындалды. Ол тұралы, маған тақырып таңдау талдауларындағы академиктердің тартыстарын басқа мақалада жазармын, қазіргі өзекті

арқау ол – Анарбай ағайдың еңбегі! Әрине қиындықтар болды, отбасы, балалар бар, ғылыми жұмыстардың атқарылу мерзімдері бар, оның үстіне жалақы алатын қызмет бар, кейде өте қиналған кезде барлығын тастап кететіндей күйлер де болды. Түсінгенім, ғылыми зерттеу жұмыстарында сен жауынгерсің, ғылыми жетекшілерің – бұйрық беруші басшылар, жоспарға сәйкес сенің ғылыми жұмысың атқарылуы тиіс, қандай жағдай болмасын, процесс тоқтамауы тиіс.

Мен белгіленген мерзімінде мақала жазуға, конференцияларда оны апробациядан өткізуге, ғылыми мақалалар шығаруға, халықаралық журналдарға жіберуден қорықпауға, гранттық жобаларға қатысуға, конференцияларда, ғылыми кеңестерде сөйлеуге, жалпы алғанда, барлық жас ғалымдар өтетін жолын өттім.

Кейінгі жылдары өз қызметімде, ол кісінің кейбір мәселерді ерекше шешу әдістерін, әсіресе, шешімі табылмай, тығырыққа тірелген есептерді қолданбалы жуықтау әдістермен шешу жолдарын көп қолдандым.

Анарбай Құдайқұлұлының жас ғалымдар тәрбиелеу мектебінің арқасында ғылымның осы қиын жолдарынан өткенімізді және ғалымның үздік шәкірттерінің қатарында болғанымызды мақтан тұтамыз. Анарбай ағамыз әлі күнге дейін ғылым жолындағы арманы асқақ ғалымдардың көшін бастап келеді, ол кісінің басшылығы арқасында шәкірттерінің талай биік асуларды алатындары сөзсіз.

Қорытынды. Анарбай Құдайқұлұлының 70-жасқа толуымен құттықтап, творчестволық табыс тілей отырып, мынадай өлең жолдарымен аяқтағымыз келеді:

Армысыз аға Анарбай Құдайқұлов
Тәңірім талап берген сізге, таудай қылып,
Тілектес болып аға, сізге сүйсінеміз,
Саулығыңды әрдайым сұрай жүріп.

Бала кезден биік шыңға өрмеледің,
Қиындығың қалмады, көрмегенің.
Инемен құдық қазған бұл ғылымға,
Қуантады, қайтпай құлаш сермегенің.

Жасыңнан көріп өстің жетімдікті,
Көремін көздеріңнен сенімдікті.
Таудай талап, ерен еңбек арқасында,
Тұлға болған жансыз, аға, тегің мықты.

Жанына еріп жампоз, жайсаңдардың,
Жинақтадың тәжірибе, ой-салмағын.
Тағдырың тартқан кезде тосын сыйын,
Тәуекелге түстің, аға, тайсалмадың.

Дүние -керуен көшеді, тұра алмайды,
Арман алдан шақырып жиі алдайды.
Арманы асқақ көштің керуенбасы,
Кәдірлейді кәзір бәрі Анарбайды.

Жан емес жалған сөзді мақтан қылған,
Бір өзі барша жұртты шаттандырған.
Күліп жүрсін жаныңда Күлән жеңгем,
Атыңды ерттеп, азда аттандырған.

Жетпістің желіп шықтың белесіне,

Еңбегің жүр еленіп ел есінде.
Шаршамай шауып,аға,жүре бергін,
Жеңгеміздің шайын ішіп сәресінде.

Шәкірттерің сәлем айтты сан қаладан,
Сен арқылы атақ-даңқ арқалаған.
Атыңды айтып,күндерін ұмытпайды
Кұдайкұловты кезінде қалқалаған.

Бастарынан өткізіп балалықты,
Дәріс алып,үйренді даналықты.
Ұстазы дұрыстың ұстанымы да деген,
Бұл күндері бәрі де - дара,мықты,

Нұр ойнайды,жақсы аға,жүзіңізде,
Біз де ілесіп келеміз ізіңізде.
Сексен мен тоқсанды да бір тойлайық,
Жыр оқып жүзінші туған күніңізде.

Мерейлі 70-жасыңыз құтты болсын, тойыңыз тойға ұласа берсін!

Әдебиеттер тізімі:

1. Сатанова Л.М. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы. Оқулық. Алматы: Білім,2010.-224б.
2. Сайдуллаева Н.С. Нестационарное колебание цилиндрических слоев взаимодействующих с вязкой и идеальной жидкостью. Монография. Шымкент. ЮКУ им. М.Ауезова. 2018,160 с.

Аннотация: Статья посвящена 70-летию ученого, доктора физико-математических наук, академика Кудайкулова Анарбая Кудайкуловича! Только те, у кого разные жизненные тропы, те, кто способен переносить тяготы и трудности, с которыми приходится сталкиваться в жизни, могут провести свои способности и возможности. Я хочу рассказать о своем учителе, который в жизни ставит своей целью не собрать мир, а достичь вершины науки и образования, исполнить мечту родителей, заслужить заслуги своей страны, заслужить много достижений, оставить неизгладимый след в памяти своих потомков и учеников. Возможно, это поможет подрастающему поколению понять, что на пути к науке и образованию можно достичь только неустанным поиском и самоотверженным трудом, а каждое достижение - это частичка счастья на вашем жизненном пути.

Ключевое слово: наука, образования, жизненный, опыт, творчество,учитель, поколение, достижение, поколение, ученики.

Abstract: The article is dedicated to the 70th anniversary of the scientist, Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Academician Kudaykulov Anarbay Kudaykulovich! Only those who have different life paths, those who are able to endure the hardships and difficulties that they have to face in life, can pump their abilities and capabilities. I want to tell you about my teacher, who in his life aims not to collect the world, but to reach the top of science and education, to fulfill the dream of his parents, to earn the merits of his country, to earn many achievements, to leave an indelible mark in the memory of his descendants and students. Perhaps this will help the younger generation to understand that on the way to science and education, you can only achieve a relentless search and selfless work, and each achievement is a piece of happiness on your life path.

Key words: science, education, life, experience, creativity, teacher, generation, achievement, generation, students.